

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-тың 2024-2025 оқу жылындағы қызметінің есебі және жаңа 2025-2026 оқу жылына қойылатын міндеттер» бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Талдықорған қ.

«08» қазан 2025ж.

Ғылыми кеңесте І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмысының есебіне «қанағаттанарлық» деп баға беріп, жаңа 2025-2026 оқу жылының міндеттерін талқылап, Ғылыми кеңес қаулы етті:

- шетел мемлекеттерінің жетекші университеттерімен жүзеге асырылып жатқан бірлескен білім беру бағдарламаларының саны кемінде 6, оның ішінде қос дипломды білім беру бағдарламаларының саны кемінде 3-ке жеткізілсін (**жауаптылар:** Халықаралық ынтымақтастық орталығы, Білім беру бағдарламаларының жобалық офисі, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** бағдарламаны әзірлеу және реестрге енгізу - 30.06.2026 ж. дейін, бағдарламаға қабылдау және жүзеге асыру – 01.09.2026 ж. дейін);

- әр факультет бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасын ашу мүмкіндігі талданып, шетелдік ТОП-500 кіретін жетекші университеттермен қос дипломды білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша ұсыныс берілсін (**жауаптылар:** факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.);

- 2026 жылға қарай университеттегі шетелдік студенттердің үлесі студенттердің жалпы санының 1%-нан кем болмау үшін кемінде 40 шетелдік азамат оқуға тартылсын (**жауаптылар:** Халықаралық ынтымақтастық орталығы, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 01.09.2026 ж. дейін);

- Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингті басылымдардағы мақалалар мен шолулар саны 2025 жылы кемінде 7 мақалаға, 2026 жылы кемінде 8 мақалаға жеткізілсін (**жауаптылар:** Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025 ж. және 30.06.2026 ж. дейін);

- профессор-оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлерінің атына тіркелген қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, авторлық куәліктер саны 2025 жылы кемінде 108 бірлікке және 2026 жылы кемінде 110 бірлікке жеткізілсін (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025 ж. және 30.06.2026 ж. дейін);

- 2026 жылы ғылыми қызметті коммерцияландырудан түскен табыс жалпы табыс көлемінен 17,5%-ға жеткізілсін, ҒҒТҚН (РННТД) және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияландырылған жобаларын жеке, қоса қаржыландыру көлемі (ЖАО, бизнес өкілдері) кем дегенде 2 млн. теңгеге жеткізілсін (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, Ғылыми жобалар және технологияларды коммерцияландыру кеңсесі, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 30.06.2026 ж. дейін);

- университетті 2026 жылы аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 87-88%-ға жеткізілсін (**жауапты:** Мансап және

жұмысқа орналастыру орталығының директоры, факультет декандары; **орындалу мерзімі: 15.12.2026ж. дейін**);

- жастар саясаты саласында адамгершілік-құқықтық және экологиялық құндылықтар қалыптастыру бойынша жұмыстар жетілдірілсін (жауапты: Жастар саясаты және әлеуметтік даму бөлімі, факультет декандары; **орындалу мерзімі: 2025-2026 оқу жылы**).

Ғылыми кеңес қаулысының орындалуын қадағалау өзіме жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы



Е. Бурибаев

«Университеттің заманауи коммуникациялық стратегиясы және имидждік саясатты жүзеге асыру» мәселесі бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«08» қазан 2025ж.

Ғылыми кеңесте «Университеттің заманауи коммуникациялық стратегиясы және имидждік саясатты жүзеге асыру» мәселесі бойынша ақпарат тыңдалып келесідей тұжырымдар жасалды:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-ның Байланыс және имидждік саясат орталығының қызметі «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-тың имидждік саясаты университеттің іскерлік беделі мен мәртебесін қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған. Ол сыртқы коммуникациялар және қоғаммен байланыс (PR), ішкі коммуникациялар және корпоративтік мәдениет, имидждік саясат және цифрлық коммуникациялар бағыттарын қамтиды.

Университеттің имидждік стратегиясын жүзеге асыру мақсатында жарнамалық бейнероликтер түсіріліп, көпшілікке ұсынылды. 2024-2025 оқу жылында 49 бейнеролик түсірді. Халықаралық ынтымақтастықты және серіктестік байланыстарды нығайту мақсатындағы іс-шараларға инфографикалық үлгідегі корпоративтік логотиптер мен имидждік бейнероликтер әзірленді. Университеттің танымалдығын арттыру және брендингін ілгерілету мақсатында Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшаның дизайны жаңартылды. Университеттің ресми сайтында толық өзгертулер жүргізілді. Сонымен қатар, брендтік өнімдердің дизайны жасалды.

2025 жылы ресми парақшада 734 пост және Reels форматындағы 451 бейнеролик жарияланды. TikTok-тағы жалпы қаралым саны 4 000 000 болды. Аудиторияның қамтылуы 700 000-нан, ал Instagram-дағы жалпы қаралым саны 3 200 000-нан асты. Университеттің тик-ток парақшасында өткен оқу жылында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп 30 пост жарияланды.

Республикалық «Егемен Қазақстан», «Білімді ел», «Айқын», «Қазақ әдебиеті», «Современное образование» газет-журналдарда сондай-ақ, «Qaz365.kz», «Newsroom.kz», «Ertenmedia.kz», «Dalanews.kz», «Bilim.expert» ақпараттық платформаларында – 70, өңірлік «Жетісу», «Вестник Жетісу», «Талдықорған» басылымдарында – 25 мақала жарияланды.

«Қазақстан», «24 KZ», «Хабар» және «Жібек жолы» телеарналарында университет қызметіне қатысты – 10, облыстық «Жетісу» телеарнасында – 40 сюжет жарық көрді.

«Университеттің заманауи коммуникациялық стратегиясы және имидждік саясатты жүзеге асыру» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Университеттің имидждік өнімдерін сату үшін бас оқу ғимаратының холында тауар үлгілері қойылған сөре орнатылсын (жауаптылар: Байланыс және имидждік саясат орталығы, Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент; орындалу мерзімі: 01.07.2026ж.).

2. Екінші оқу ғимаратының кіре берісін заманауи үлгіде қайта безендіру жұмыстары жүргізілсін (**жауапты:** Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент; **орындалу мерзімі:** 01.07.2026ж.).

3. 2026 жылы жергілікті БАҚ өкілдері үшін баспасөз туры ұйымдастырылсын (**жауапты:** Байланыс және имидждік саясат орталығы, **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

4. Threads әлеуметтік желісінде ақпарат таратып, контент жүктеу жұмысы жетілдірілсін (**жауапты:** Байланыс және имидждік саясат орталығы, факультеттер, жастар орталығы; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

5. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ресми сайтындағы ақпараттар жаңартылсын, толықтырылсын (**жауапты:** барлық құрылымдық бөлімшелер, факультеттер; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Б.А. Сериевке жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«2025-2026 оқу жылында білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік,
ғылыми әдебиеттермен қамтылу жағдайын талдау және университеттің ішкі
басылымдарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарын бекіту» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«08» қазан 2025ж.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы №4 бұйрығының 2-тармағына сәйкес, жоғары оқу орындарының кітапханалары оқу бағдарламаларының пәндерін оқыту тілдерінде толық қамтамасыз етілуі тиіс. Жоғары оқу орны кітапханаларында баспа және (немесе) электрондық форматтағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры болуы қажет.

2025 жылдың қыркүйек айында университеттің 61 бакалавриат, 44 магистратура және 12 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша пәндердің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілу деңгейі тексерілді. Тексеру қорытындысы негізінде университеттің ішкі басылымдары бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар әзірленіп, бекітуге ұсынылды.

Алдағы 2025–2026 оқу жылында университеттің профессор-оқытушылар құрамы тарапынан барлығы 78 әдебиет шығару жоспарланған. Оның ішінде 2 оқулық, 26 оқу құралы, 16 оқу-әдістемелік құрал және 34 монография дайындалады. Жоспарланған басылымдардың 49 қазақ тілінде, 22 орыс тілінде, 6 ағылшын тілінде және 1 түрік тілінде жарық көреді.

«2025-2026 оқу жылында білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттермен қамтылу жағдайын талдау және университеттің ішкі басылымдарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарын бекіту» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Білім беру бағдарламаларының пәндерін оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттермен қамту мақсатында университеттің кітапханасына сатып алуға сұраныс берілсін (**жауапты:** факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 01.11.2025 ж. дейін);

2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға енгізілген жұмыстардың бекітілген мерзімде шығарылуы қамтамасыз етілсін (**жауаптылар:** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Е. Бурибаев

Ғалым хатшы

Г. Шүкенай

